

**Серікқазықызы Ақботаның «8D02303 – Лингвистика» білім беру
бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға
ұсынған «Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің лингвистикалық
интерпретациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының
АНДАТПАСЫ**

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Армян-қыпшақ тілі – XIV ғасырда қазіргі Украина, Молдова және Румыния аумағында өмір сүрген, армян-григориан дінін ұстанған қыпшақтілді этникалық қауымның армян графикасы негізінде қалыптасқан тарихи жазба тілі. Бұл тілде сақталған жазба мұралар көлемі мен жанрлық әртүрлілігімен ерекшеленіп, құқықтық құжаттарды, діни мәтіндерді, паремиологиялық үлгілерді және ресми іс қағаздарын қамтиды. Аталған жазба дәстүрі армян-қыпшақ тілінің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін, жазба тіл нормаларының қалыптасу ерекшеліктерін және тілдің функционалдық әлеуетін айқындайтын бірегей лингвистикалық дереккөз ретінде бағаланады. Ұзақ уақыт бойы армян-қыпшақ тілі ғылыми айналымда «өлі тіл» ретінде қарастырылып келгенімен, оның жазба мұрасы қазіргі лингвистикада, әсіресе тарихи лингвистика, әлеуметтік лингвистика және гендерлік лингвистика тұрғысынан кешенді интерпретациялауды талап етеді. Армян-қыпшақ мәтіндері көптілді және көпмәдениетті ортада қалыптасқан тілдік жүйенің қызметін, тілдік конвергенция мен функционалдық дифференциация үдерістерін, сондай-ақ тілдік нормалану механизмдерін сипаттауға мүмкіндік береді.

Армян-қыпшақ ескерткіштері түркі, армян және славян мәдени-тілдік элементтерінің өзара ықпалын көрсетіп, Еуразия кеңістігіндегі көпэтносты тарихи-әлеуметтік болмысты бейнелейді. Алайда осы уақытқа дейін бұл мәтіндердегі құқықтық дискурс, әлеуметтік мәртебелер жүйесі, гендерлік қатынастар және әйел бейнесінің тілдік репрезентациясы арнайы лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде жүйелі түрде қарастырылмаған. Бұл жағдай армян-қыпшақ тілін тек тарихи-этностық феномен ретінде емес, әлеуметтік мағына тудыратын, құқықтық және гендерлік категорияларды тілде кодтайтын күрделі коммуникативтік жүйе ретінде зерттеу қажеттігін айқындайды. Қазіргі лингвистикада тілдік деректерді тарихи-диахрониялық, функционалдық және әлеуметтік-мәдени қырлар тоғысында талдау өзекті ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, армян графикасымен хатталған армян-қыпшақ жазба ескерткіштері тілдің көпқабатты құрылымын, көптілді ортадағы тілдік өзара ықпалды және жазба тілдің тарихи эволюциясын айқындайтын маңызды лингвистикалық материал саналады. Бұл мәтіндерде сақталған фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік бірліктер тілдік жүйенің тарихи дамуын, тілдік вариативтілік пен тұрақтылықтың арақатынасын, сондай-ақ тілдік бірліктердің әлеуметтік контексте қызмет ету ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар армян-қыпшақ мәтіндерінің жанрлық сипаты тілдік деректерді құрылымдық талдаумен шектемей, оларды этномәдени, әлеуметтік және гендерлік факторлармен сабақтастыра

интерпретациялауға жол ашады. Әсіресе құқықтық және паремиологиялық мәтіндер арқылы әлеуметтік рөлдер, бағалауыштық жүйелер мен концептуалдық модельдердің тілде көрініс табу тетіктері айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда, армян-қыпшақ ескерткіштері тілін лингвистикалық интерпретациялау тілдік жүйенің тарихи өзгерісін, көптілді ортадағы тілдік үдерістерді және тіл мен қоғамның өзара байланысын сипаттауға бағытталған өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Зерттеу жұмысының нысаны – XVI–XVII ғасырларда жазылған армян-қыпшақ ескерткіштері.

Зерттеу пәні – XVI–XVII ғғ. армян-қыпшақ ескерткіштерінің тілінің лингвистикалық интерпретациясы.

Зерттеу жұмысының мақсаты – армян-қыпшақ жазба ескерткіштері тілін лингвистикалық интерпретациялау арқылы армян-қыпшақ тілінің қыпшақ тілдері жүйесіндегі орнын айқындау, қазақ тілімен генетикалық және тарихи-диахрониялық сабақтастығын ғылыми негіздеу, сондай-ақ паремиологиялық және құқықтық мәтіндер негізінде этномәдени және гендерлік репрезентацияның тілдік ерекшеліктерін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттер** қойылды:

- Армян-қыпшақ ескерткіштерінің әлемдік және отандық түркітануда зерттелу тарихын лингвистикалық тұрғыдан жүйелеу және армян-қыпшақ тілінің қазақ тілімен генетикалық әрі тарихи-диахрониялық сабақтастығын ғылыми негіздеу;

- А.Н. Гаркавецтің армян-қыпшақ ескерткіштеріне арналған ғылыми еңбектерін лингвистикалық тұрғыдан талдау арқылы армян-қыпшақ тілінің тарихи дамуы, қостілділік жағдайындағы конвергенттік эволюциясы және қыпшақ тілдері жүйесіндегі орнын нақтылау;

- Армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріндегі адам бейнесі мен рухани-адамгершілік құндылықтарды лингвистикалық-семантикалық тұрғыдан талдап, олардың қыпшақ дүниетанымы мен қазақ паремиологиясымен тарихи сабақтастығын дәлелдеу;

- Армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріндегі материалдық мәдениет элементтері мен этномәдени кодты лингвистикалық-семантикалық тұрғыдан интерпретациялап, олардың қыпшақ қоғамының тұрмыстық тәжірибесін, дүниетанымдық моделін және қазақ паремиологиясымен тарихи сабақтастығын айқындау;

- Армян-қыпшақ заң мәтіндеріндегі әйел бейнесінің құқықтық және әлеуметтік-гендерлік репрезентациясын гендерлік лингвистика тұрғысынан талдап, әйелдің құқық субъектілігінің тілдік тетіктерін, патриархалдық иерархиямен өзара қатынасын және теңдік пен шектеудің амбивалентті моделін анықтау;

- Армян-қыпшақ құқықтық мәтіндерінде гендерлік теңдік пен патриархалдық иерархияның тілдік көрінісін талдап, әйелдің құқықтық субъектілігінің шектеулері мен мүмкіндіктерін айқындау.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

– Армян-қыпшақ жазба ескерткіштері қазақ тілінің тарихи лингвистикасы тұрғысынан алғаш рет кешенді зерттеліп, олардың қыпшақ тілдері жүйесіндегі орны мен қазақ тілімен тарихи-генетикалық сабақтастығы нақты тілдік деректер арқылы айқындалды.

– А.Н. Гаркавец еңбектерін талдау негізінде армян-қыпшақ тілінің тарихи дамуы, қостілді ортадағы конвергенттік эволюциясы және қыпшақ тілдері арасындағы орны ғылыми тұрғыдан сипатталды.

– Армян-қыпшақ мақал-мәтелдері адам бейнесі мен рухани-адамгершілік құндылықтарды репрезентациялайтын паремиологиялық жүйе ретінде негізделіп, олардың қазақ паремиологиясымен тарихи-генетикалық сабақтастығы нақтыланды.

– Мақал-мәтелдердегі материалдық мәдениет пен этномәдени код қыпшақ дүниетанымының көрінісі ретінде лингвистикалық-семантикалық тұрғыдан жүйеленді.

– Армян-қыпшақ заң мәтіндеріндегі әйел бейнесі алғаш рет гендерлік лингвистика тұрғысынан талданып, әйелдің құқықтық субъектілігі патриархалдық иерархия аясындағы амбивалентті дискурстық модель ретінде сипатталды.

– Құқықтық мәтіндерде гендерлік теңдік формулалары тілдік деңгейде жарияланғанымен, олардың әйелдің құқықтық мәртебесін бір мезгілде әрі кеңейтетін, әрі шектейтінін көрсететін амбивалентті модель айқындады.

Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде XVI–XVII ғасырларда армян графикасымен жазылған қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер мен сол ескерткіштерге қатысты ғылыми еңбектер алынды. Негізгі тілдік материалдар ретінде А.Н. Гаркавец құрастырған «Кыпчакское письменное наследие» (2002, 2017) еңбектеріндегі армян-қыпшақ мәтіндері, «Кыпчакский словарь. По армянописьменным памятникам XVI–XVII веков» (2018) сөздігі және «Төре бітігі» (Армяно-кыпчакский Судебник, 1519–1594) заңдар жинағы пайдаланылды. Мақал-мәтелдерге арналған зерттеу материалы ретінде Меркс Адалберттің 1877 жылы Венецияда жарияланған «Türkische Sprichwörter» атты еңбегінде қамтылған армян-қыпшақ тіліндегі 355 паремиялық үлгі пайдаланылды.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер. Зерттеуде армян-қыпшақ жазба ескерткіштері кешенді әдіснама негізінде талданды. Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы армян-қыпшақ тілі қыпшақ тілдерінің өзге нұсқаларымен (құман, мәмлүк, қарайым, татар, қазіргі қыпшақ тілдері) салыстырылып, грамматикалық, лексикалық және фразеологиялық ұқсастықтар мен айырмашылықтар айқындалды. Деректанулық және тарихи-этнографиялық әдістер жазба мұралардың сенімділігін, тарихи контекстін және армян-қыпшақ қауымының этникалық-мәдени табиғатын анықтауға бағытталды. Лингвистикалық талдау (фонетикалық, морфологиялық, лексика-семантикалық) тілдік жүйенің құрылымын сипаттауға мүмкіндік берді. Паремиологиялық, интерпретациялық және этнолингвистикалық әдістер мақал-мәтелдердің жанрлық, мағыналық және этномәдени мазмұнын ашуға қызмет етті.

Сандық-статистикалық талдау паремиялардың түркі тілдеріндегі таралу жиілігін көрсетсе, гендерлік-лингвистикалық және дискурстық-структуралық талдау заң мәтіндерінде гендерлік теңдік пен ер-орталық иерархияның тілдік тұрғыда қалай репрезентацияланатынын анықтады.

Тақырыптың зерттелуінің теориялық-әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің армян-қыпшақ ескерткіштеріне қатысты еңбектері алынды. Армян-қыпшақ ескерткіштерін зерттеген отандық ғалымдар Ғ. Айдаров, А.Н. Гаркавец, С.Ж. Құдасов, Б.С. Жиёмбай, С.М. Төребекова, Т. Ақтипан, Н.Г. Шаймерденова, Ш.Д. Бүркітбаева, С.А. Ярыгин, Т. Молдабай еңбектеріне сүйендік.

Әлемдік зерттеушілерден Ж. Клаусон, С.Г. Кляшторный, Ю.А. Евстигнеев, Э.Р. Тенишев, З. Ибраимова, В.Р. Григорян, В.С. Кульчицкий, Ж.Т. Танауова, Е. Сецинский, Л.С. Хачикян, Э.Ш. Хуршудян, А.Е. Крымский, И.А. Абдуллин, Н.К. Кривонос, И.М. Миргалеев, Г. Алишан, Я.Р. Дашкевич, Э.О. Трыарский, И.П. Крипьякевич, Э. Шютц, Н. Чирли, Ө.К. Памукчян, Х.К. Ченгел, М. Құталмыш, И.Е. Өзкан, Е. Алтынқайнақ, Т. Кут, З. Каймаз, С. Коз, Х. Иылдыз, А. Өзтүрік, Я. Шимшек, Е. Ақбұлыт, Т.А. Актеров, Е.Д. Поливанов, В.Н. Ярцева, И. Кись, С. Коланджян, Э.М. Корхмазян, Дж. Дени, Т. Текин, Г. Куун, Б. Аталай, А.А. Паповян және Ө. Чобаноғлу еңбектері дереккөз ретінде қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы. Армян-қыпшақ ескерткіштерін тарихи-лингвистикалық, этномәдени және гендерлік қырлар тоғысында кешенді түрде зерделеу арқылы қыпшақ тілдерінің тарихи дамуы мен құрылымдық сабақтастығын терең түсіндіруімен айқындалады. Зерттеу нәтижелері армян-қыпшақ тілін қыпшақ тілдік жүйесінің дербес тарихи нұсқасы ретінде негіздеп, түркі тарихи лингвистикасы, паремиология, этнолингвистика және гендерлік лингвистика салаларындағы теориялық тұжырымдарды нақты тілдік деректермен толықтырады. Сонымен қатар, құқықтық және паремиологиялық мәтіндерді дискурстық және интерпретациялық тұрғыдан талдау тіл мен қоғам, тіл мен мәдениет, тіл мен билік қатынастарының өзара байланысын түсіндіретін теориялық модельдерді дамытуға үлес қосады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы. Алынған нәтижелердің түркі тіл білімі, қазақ тілінің тарихы, тарихи лексикология, паремиология және құқықтық лингвистика салаларында оқу-әдістемелік және ғылыми мақсатта қолданылу мүмкіндігімен айқындалады. Зерттеу материалдары жоғары оқу орындарында «Түркі тілдерінің тарихы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Лингвомәдениеттану», «Гендерлік лингвистика», «Құқықтық мәтіндердің тілі» сияқты курстарды оқытуда, сондай-ақ арнайы семинарлар мен элективті пәндерде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, жинақталған тілдік деректер армян-қыпшақ жазба мұраларын транскрипциялау, аудару, салыстырмалы сөздіктер мен мәтіндік корпустар жасау, тарихи-құқықтық құжаттарды түсіндіру және ғылыми басылымдарға дайындау ісінде практикалық негіз бола алады.

Зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары.

1. Армян-қыпшақ ескерткіштері қыпшақ тілдерінің тарихи дамуындағы дербес жазба дәстүр ретінде айқындалып, олардың тілдік жүйесі көне және ортағасырлық қыпшақ, сондай-ақ қазіргі қазақ тілімен тарихи-диахрониялық әрі генетикалық тұрғыдан сабақтас екені анықталды.

2. А.Н. Гаркавец еңбектерін талдау армян-қыпшақ тілінің қыпшақ тілдері жүйесіндегі орнын нақтылап, оның қостілді ортадағы конвергенттік эволюция нәтижесінде қалыптасқанын көрсетті.

3. Армян-қыпшақ мақал-мәтелдері қыпшақ дүниетанымына тән адам бейнесі мен рухани-адамгершілік құндылықтарды репрезентациялайтын жүйе ретінде сипатталып, олардың қазақ паремиологиясымен тарихи-генетикалық сабақтастығы айқындалды.

4. Мақал-мәтелдердегі материалдық мәдениет пен этномәдени бейнелер ортақ қыпшақтық дүниетанымды көрсететін лингвомәдени модельдер ретінде жүйеленді.

5. Армян-қыпшақ заң мәтіндерінде әйелдің құқықтық субъектілігі формалды түрде танылғанымен, оның патриархалдық иерархия аясында шектелетіні және амбивалентті гендерлік модель арқылы репрезентацияланатыны анықталды.

6. Құқықтық дискурста гендерлік теңдік тілдік деңгейде жарияланғанымен, оның патриархалдық құрылыммен жүйелі түрде шектеліп, әйел мәртебесінің толық дербестенбегені көрсетілді.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы.

Диссертацияның материалдары мен негізгі тұжырымдары мақала түрінде жарияланып, апробациядан өтті: оның ішінде **Scopus** дерекқорына енетін ғылыми журналда **1** мақала, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда **3** мақала жарық көрді. Диссертацияның негізгі қорытындылары мен нәтижелері **5** отандық және шетелдік халықаралық конференцияларда сыннан өтті.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.